

Павлодар қаласының шекарасын өзгерту туралы.

Павлодар облыстық мәслихаты мен Павлодар облысы әкімиятының (III сайланған XXIV сессия) 2007 жылғы 13 сәуірдегі N 27/24 шешімі мен қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 30 сәуірде N 3084 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 108 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11-бабының 2 тармағына, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 28 ақпандағы N 58/3 қаулысына сәйкес, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы шешімнің қосымшасына сәйкес әзірленген жер-шаруашылық құрылысының жобасы негізінде бұрын Павлодар ауданының және Ақсу қаласының ауылдық аумағында орналасқан 24673 га жер Павлодар қаласының шекарасына қосылсын.

2. Облыс бойынша тілдерді дамыту басқармасы осы мәселені Қазақстан Республикасының үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының қарауына енгізісін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Л. Белогривый

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының
(III сайланған XXIV сессиясы)
2007 жылғы 13 сәуірдегі
"Павлодар қаласының шекарасын
өзгерту туралы" N 27/24 шешіміне
қосымша

Павлодар қаласы шекарасына тапсырылатын жерлердің экспликациясы

(га)

N p/ с	Тапсырылатын жер телімдерінің атаулары	Жалпы көлемі	Ауыл-шаруашылық алаптардың барлығы	Соның ішінде			Өзге де жерлер
				егістік	шабындық	жайылым	
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жерге орналастыру кезіндегі 2005 жылғы жер есебі бойынша, Павлодар қаласы	32688	13690	6593	1130	5967	18998
1	Заңғар ауылдық округі жерлерінен тапсырылады	6508	3332	1897	-	1435	3176
2	Мойылды ауылы жерлерінен тапсырылады	4042	3505	399	-	3106	537
3	Жетекші ауылы жерлерінен тапсырылады	1115	922	-	-	922	193
4	Кенжекөл ауылы жерлерінен тапсырылады	11235	7890	783	154	6953	3345
5	Павлодар ауданы жерлерінен тапсырылады (N 9 орман телімі)	123	-	-	-	-	123
	Жерге орналастыру кезіндегі 2005 жылғы жер есебі бойынша, Ленин кенті	5958	4480	146	266	4068	1478
6	Алғабас ауылы жерлерінен тапсырылады	1360	1074	100	31	943	286
7	Айнакөл ауылдық округі жерлерінен тапсырылады	290	218	-	-	218	72
	Ленин кентіне тапсырылатын жиыны	1650	1292	100	31	1161	358
	Барлығы жаңа жоба бойынша, Ленин кенті	7608	5772	246	297	5229	1836
	Жерге орналастыру кезінде Павлодар қаласы мен Ленин кенті бойынша	38646	18170	6739	1396	10035	20476
	Барлығы Павлодар қаласы бойынша тапсырылады	24673	16941	3179	185	13577	7732
	Жаңа жоба бойынша Павлодар қаласының жалпы көлемі	63319	35111	9918	1581	23612	28208